

«Бекітемін»

Білім беруді жаңғырту
орталығы МКҚК басшысы

С. Мадеев

2022 жыл

Нұр-Сұлтан қаласының жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының
білім алушылары арасында
«АТА МҰРА» қалалық шығармашылық байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «АТА МҰРА» қалалық шығармашылық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу қағидаларын, мақсатын, міндеттерін және тәртібін айқындайды.

2. «АТА МҰРА» шығармашылық байқауы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлға тәрбиелеу және одан әрі дамыту, жүйелі және мақсатты қызмет, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға тарту мақсатында өткізіледі.

Міндеттері:

дарынды оқушыларды анықтау, қолдау және дамыту;

білім алушыларды патриотизм, гуманизм, демократия, ұлтаралық келісім және толеранттылық рухында тәрбиелеу;

оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

халық шығармашылығы саласындағы мәдени дәстүрлердің сабақтастығын сақтау;

салауатты бәсекелестік рухын қалыптастыру.

3. Байқауды Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК, Нұр-Сұлтан қаласының Балалар көркемсурет мектебі, Нұр-Сұлтан қаласының №1 Балалар музыка мектебі ұйымдастырады.

4. Байқау қашықтық форматта өткізіледі.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын құрайды.

2. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Байқауға 11-17 жас аралығындағы жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары жас санаттары бойынша қатысады: (әр ұйымнан әр номинацияға 1 қатысушыдан (ұжымнан). Байқау номинациялар бойынша екі кезеңде өткізіледі.

1. «BILE, JASTYQ!» хореография;

2. «SIQYRLY QYLQALAM» бейнелеу өнері.

3. «BILE, JASTYQ!» хореография байқауы

«BILE, JASTYQ!» хореография байқауы 11-17 жас санаттары бойынша өткізіледі.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1. Халық биі және халықтық стильдендірілген би:

- а) әлем халықтарының билері;
- б) Қазақ биі.

2. Қазіргі би:

- а) эстрадалық би;
- б) аралас би.

I тур (Іріктеу) қашықтық форматта өткізіледі.

Би ұжымдары әр номинацияда ұзақтығы 5 минутқа дейін бір конкурстық нөмірден ұсынады. Шағын топтардың әр номинациясына қатысуға рұқсат етіледі (6-дан 12-ге дейін қатысушы).

Хореографиялық ұжымдар байқауға арнайы орналастырылған бейнематериалға сілтеме ұсынады <http://www.youtube.com>, және электрондық поштаға [bilim30_2021@mail.ru](mailto: bilim30_2021@mail.ru), MP4 бейне форматында жіберіледі.

Бұрын сапалы түрде жазылған дайын бейнені тоқтаусыз бір роликпен пайдалануға рұқсат етіледі. Әр түрлі қойылымдардың «кесінділері» қарастырылмайды.

Байқауға арналған бейнеролик кез-келген сахналық алаңдарда түсіріліп, сапалы фонограмма (сахна, концерттік алаң және т.б.) жазылуы тиіс.

Байқауды қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Шешім қазылар алқасының қатысқан мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді, түпкілікті болып табылады, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды. Байланыс телефоны: Секербек Багдина Мейрамовна, Нұр-Сұлтан қаласының №1 Балалар музыка мектебінің хореография бөлімінің меңгерушісі, оқытушысы +7 701 306 1550; Боранбаева Жанар Шерхановна, Нұр-Сұлтан қаласының №1 Балалар музыка мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары +7 777 421 3186; Садыкова Нұргүл Госманқызы Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы «Тәрбие және тұлғаны дамыту» бөлімінің әдіскері, 87474927677.

Бағалау критерийлері:

- стиль үйлесімінің өзгермелілігі, бірегейлігі және үйлесімділігі;
- композициялық шешім;
- би қойылымы-идея;

- орындау техникасы мен деңгейі;
- әртістік және сюжеттік;
- сахналық көрініс (костюм).

Өтінімдер, бейнематериалдар 2022 жылғы 21 ақпан 5 наурыз аралығында e-mail бойынша қабылданады: bilim30_2021@mail.ru. әрбір ұйымнан бір ұжымның қатысуына жол беріледі.

Қатысушылар байқауға қатысуға өтінім ұсынуы қажет.

- қатысушылар мен жетекшісінің куәлік құжаттардың көшірмелері;
- қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;
- Байқау жұмысын электронды түрде жүргізу.

Байқаудың финалы мен қорытындысы және марапаттау рәсімі 2022 жылдың 28 наурыз күні өтеді.

4. «SIQYRLY QYLQALAM» бейнелеу өнері байқауы.

«SIQYRLY QYLQALAM» бейнелеу өнері байқауы **11-17 жас санаттары бойынша өткізіледі.**

I тур (Іріктеу) қашықтық форматта өткізіледі.

Байқау қатысушылары I тур кезеңінде «Біздің еліміздің болашағы», «Қазіргі елорда балалар көзімен» (таңдау тақырыбы) тақырыбында өздерінің байқау жұмыстарын ұсынады.

Байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі.

суреттер А3 форматында келесі техникада орындалуы мүмкін:

- Акварель техникасы
- гуашь техникасы
- картондағы акрил техникасы
- түрлі-түсті қарындаштар
- аралас техника.

Жұмыстарды инновациялық әдістермен жасауға болады. Жұмыстың ең аз мөлшері: 30x40 см-ден, бірақ 55x65 см-ден аспайды, 9 безендіруді қоспағанда). Барлық жұмыстарға қол қойылып, өлшемі 12 см x 4,5 см жапсырма болуы керек.

Қатысушылар арнайы орналастырылған презентациялық бейнероликке сілтеме ұсынады <http://www.youtube.com>, электрондық поштаға oner30_bilim@mail.ru жіберіліп, қатысушылар өздерін таныстырады. Ұзақтығы 5-7 минуттан аспайтын байқау жұмысын көрсете отырып, композициялық шешімінің негізгі идеясын ұсынады.

Барлық жұмыстар түпнұсқаны сканерлеу, суретке түсіру арқылы немесе компьютерлік графикалық редактордың көмегімен орындалған электрондық көшірмелер (графикалық файлдар) түрінде қабылданады.

Жұмыстың төменгі оң жақ бұрышында автордың нақты оқылатын қолы

болуы керек: аты, тегі, жасы. Файл параметрлері: jpg немесе png пішімі. Қатысушылар сурет салу процесін көрсететін фотосуреттерді ұсынады. Мәтіндік түсініктемелердің болуы міндетті: жұмыстың атауы, орындау техникасы, Жұмыстың мазмұнын түсіндіру.

II тур (финал) офлайн форматта өтеді. II кезеңге іріктеу кезеңінен өткен қатысушылар жіберіледі. Қатысушылар өздерінің 2-ші байқау жұмысын еркін тақырыппен таныстырады.

Қатысушылар байқауға қатысу өтінімін ұсынуы қажет. Байқауға әр жас санатынан бір ғана жұмыс жіберіледі.

Қатысушылар мен жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері. Байқауға рамкаға немесе паспортқа ресімделген қатысушының суреті жіберіледі. Жұмыстың төменгі оң жақ бұрышында автордың аты-жөні, жасы, жұмыс атауы, мектеп нөмірі, басшының аты-жөні және байланыс телефоны, электронды мекен-жайы анық оқылған қолы болуы керек.

Бағалау критерийлері:

- өзіндік ерекшелігі;
- тақырыптың тереңдігі мен мағынасын беру;
- идеяны жүзеге асырудың креативті тәсілі;
- көркемдік шеберлік негіздерін меңгеру.
- күрделілік дәрежесі;
- ой ерекшелігі;
- көркемдік мәнерлілік (композициялық және түстік шешім);
- сындарлы шешімнің бірегейлігі.

Қатысу өтінімдері I тур 2022 жылғы 1 наурыз және 10 наурыз аралығында қабылданады: электрондық мекен-жай бойынша oper30bilim@mail.ru.

Қатысушылар байқауға өтінім ұсынуы қажет.

- қатысушылар мен жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім.

II кезеңге барлық байқау жұмыстары 2022 жылдың 14 наурыз және 20 наурыз аралықтарында Нұр-Сұлтан қаласы, Бөгенбай батыр көшесі 17, Балалар көркемсурет мектебі мекен-жайы бойынша қабылданады.

Байқаудың финалы мен қорытындысы және марапаттау 2022 жылдың 28 наурыз күні өтеді.

Байқауды қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Шешім қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді, түпкілікті болып табылады, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды. Байланыс телефоны: Утепова Алия Шакиржановна, Нұр-Сұлтан қаласы

«Балалар көркемсурет мектебі» МКҚК директордың оқу-ісі жұмысы жөніндегі орынбасары +7 701 410 9691; Садыкова Нұргүл Госманқызы Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы» «Тәрбие және тұлғаны дамыту» бөлімінің әдіскері, 87474927677.

5. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазылар алқасының шешімі негізінде байқау қорытындысы бойынша байқауының жеңімпаздары 1, 2, 3 орындар мен номинациялар анықталады.

Байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Байқау нәтижелері байқау аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының «Білім басқармасы» ММ және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.

«АТА МҰРА» байқауына қатысу өтінімі

«BILE, JASTYQ!» хореография байқауы

1	Білім алушының Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
2	Қатысушының жас санаты(ұжым)	
3	Білім беру ұйымының атауы	
4	Туған күні, жылы, айы	
5	Жетекшісінің Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
6	Жұмыс орны	
7	Лауазымы	
8	Байланыс телефон, электрондық пошта	
9	Youtube сілтемесі	

«АТА МҰРА» байқауына қатысу өтінімі
«SIQYRLY QYLQALAM» бейнелеу өнері байқауы

1	Білім алушының Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
2	Қатысушының жасы	
3	Білім беру ұйымының атауы	
4	Туған күні, жылы, айы	
5	Жетекшісінің Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
6	Жұмыс орны	
7	Лауазымы	
8	Байланыс телефон, электрондық пошта	
9	Youtube сілтемесі	